

Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 165 "2018 - 2020 жылдарға арналған Біршоғыр ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 мамырдағы № 214 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Шалқар аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 15 мамырда № 3-13-196 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 165 "2018-2020 жылдарға арналған Біршоғыр ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5815 санымен тіркелген, 2018 жылғы 16 қаңтардағы "Шалқар" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Біршоғыр ауылдық округ бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 60943,9 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1919,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 214,1 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 58810,8 мың теңге;

2) шығындар – 60943,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 0,0 мың теңге."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар аудандық мәслихатының
сессия төрағасы,
Шалқар аудандық мәслихатының
хатшысы*

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5
мамырдағы № 214 шешіміне қосымша
Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы
21 желтоқсандағы № 165 шешіміне 1 қосымша

2018 жылға арналған Біршоғыр ауылдық округ бюджеті

Санаты		сомасы
Сыныбы		мың
Ішкі сыныбы		теңге
Атауы		
	I. КІРІСТЕР	60943,9
1	Салықтық түсімдер	1919,0
01	Табыс салығы	151,0
2	Жеке табыс салығы	151,0
04	Меншікке салынатын салықтар	1768,0
1	Мүлікке салынатын салықтар	54,0
3	Жер салығы	69,0
4	Көлік құралдарына салынатын салық	1645,0
2	Салықтық емес түсімдер	214,1
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	126,0
5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	126,0
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	88,1
1	Басқа да салықтық емес түсімдер	88,1
4	Трансферттердің түсімдері	58810,8
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	58810,8
3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	58810,8
II. ШЫҒЫНДАР		60943,9

01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	14094,9
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	14094,9
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14094,9
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13894,9
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200,0
04		Білім беру	44471,0
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	44471,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	44471,0
	004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	44471,0
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1428,0
	2	Әлеуметтік көмек	1428,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1428,0
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	1428,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	950,0
	3	Елді-мекендерді көркейту	950,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	950,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	250,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	300,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	400,0
		III. Бюджет тапшылығы (профицит)	0,0
		IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0,0